


## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2016



Болашақ бүгіннен басталады...

Алматы 2016

Қымбатты достар! Ержан Тәмішев Қорының жұмысы жайында 2016 жылғы есебін назарларыңызға ұсынуға рұқсат етіңіздер. Бүгінгі таңда Қор өзінің өркендеу шағына жеткен кезінде, өз мақсаттарын жете түсініп, табысты адамдарды тәрбиелеуге қосып отырған үлесін ерекше сезініп отыр. Жаңа заманда табысты болу тек материалдық әл-ауқатқа ғана қатысты емес екенін түсінеміз. Ол адамның өскен ортасына, алған тәлім-тәрбиесіне, сіңізген білімі мен өмір бойы жинақтаған тәжірибесіне және де толыққанды тұлға ретінде қалыптасуына себепкер болған құбылыстырмен сабақтас келетін ұғым. Ол өзгенің қайғысына ортақтаса білетін, өзі өмір сүріп отырған қоғам үшін, Отаны мен, ең бастысы, жеке басы үшін жауапты екенін сезінетін тұлғаға тән қасиет. Ол ананың сүтімен сіңген ғасырлар даналығы мен бабалардан қалған мирас, және де осы білім қорымен жаңа ғасырға еніп, ілгері қатарға қосылудың жолы болып табылады.



Өткен жыл бізге ұмытылмас әрі қызықты оқиғалар әкелді. Жолымыздағы кездесіп отырған кедергілер мен қиыншылықтардан асып, бәрімізді ақтауға ұмтыламыз. Күмәншілік пен сенімсіздікке қарамастан, біздер Қазақстанның қайырымдылық саласындағы білім беріп отырған ұйым ғана болып қалмай, қамқорлығындағы адамдардың жан-жақты дамуына көңіл бөлетін ерекше әрі бірген-бір Қор атағына лайық болу үшін күннен күнге, жылдан жылға күш салудамыз. Оқу үлгерімі мен отбасының қаржылық жағдайы үміткерлерді іріктеу кезінде қолданылатын көрсеткіштердің ең бастысы емес. Жыл сайын біздің қауымдастығымыз жоғары моральдық ұстанымдарға ие, өзгенің жағдайына ортақтаса білетін, ой-өрісі мен шығармашылық жігері бар талапты жастармен толып өсуде.

Өткен жыл ішінде мектеп, колледж және балалар үйінің жеті түлегі Қордың серіктес университеттерінде жоғары білім алуға, арнайы мектепті бітірген екі түлек орта-кәсіптік білім алуға мүмкіндікке ие болды. Қор қауымдастығына қосылған әр адамның саналы еңбегі, адал ниеті мен ісіне жауапкершігі – Қорға зеген адалдығының дәлелі. Артур Мерфидің «Бір түйір абырой таудай еңбектің нәтижесі» деген сөзіне лайық, біздің жанұямызға мүше болған әр адам оның жасаған әрекет-ісі Қор беделіне әсер ететінін ұғынады. Біздің білімгерлер белсенді студенттер қауымдастығының бөлігі болып табылады: олар қоғамдық өмірге араласып, еріктілік жобаларға аи салысады, белсенді өмір салтын ұстанады, студенттердің алмасу бағдарламаларына қатынасып, болашаққа өршіл жоспар құрып отыр. Қорымыз әр уақытта әділдік пен шыншылдық, ашықтық пен айқындық сияқты қағидаларға лайық болуға ұмтылады. Қорымыздың жұмысын қолдап отырған Қамқоршы Кеңес пен Құрылтайшыларға, біздің бағдарламаларымыз бен жобаларымыздың басты серіктестеріне алғысымызды білдіреміз. Жаңа жыл жақсы бастамалар мен игі істерге жол ашып, сәттілік пен береке әкелсін!

Қор Президенті,  
Дана Жарықова

## **Мазмұны**

Кіріспе

1. Бакалавр дәрежесін алуға арналған білім гранттары бағдарламасы
2. Мүгедектігі бар жастардың орта-кәсіптік білім алуға арналған білім гранттары бағдарламасы
3. Еріктілік шаралар
4. Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейді қолдау
5. Мақтау бұрышы
6. Қаржылық есеп

Мекен-жайымыз

## Кіріспе

Ержан Тәтішев Қоры білім беру саласын қолдау және Қазақстан жастарының арасында көшбасшылықты дамытуға бағытталған бағдарламаларын іске асырып отыр. Бүгінгі күні Қор басты үш бағдарлама аясында білім алуға мүмкіндік беріп отыр. Біріншісі – қарапайым отбасыларынан шыққан жастарға қаржы, экономика және банк ісі саласында білім алуға мүмкіндік беріп отырған Мектеп, колледж және балалар үйінің түлектеріне арналған білім гранттары бағдарламасы. Бұл бағдарлама 2007 жылдан бастап іске асырыла бастады, осы күнге дейін 62 грант беріліп, оның ішінде 33 білімгер бакалавр дипломын алды. Екінші бағдарлама арнайы мектеп түлектеріне қайсыбір мамандыққа ие болып, өмірде өз орнын табуға және қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге көмектеседі. Бағдарлама 2008 жылдан бастап іске қосылды, тағайындалған 38 гранттың 26 иегері оқуды тәмамдап, диплом алды. Қордың тағы да бір табысты жобасы – Арнайы шәкіртақы бағдарламасы. Ержан Нүрелдайымұлы Тәтішев Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейінің түлегі болып табылады. Қор өзінің мемориалдық атына сай осы мектептің ең үздік оқушыларына жыл сайын шәкіртақы тағайындап қолдайды. Осы бағдарлама аясында 2007 жылдан бастап 76 оқушы білімгер атанды.



100 грант жоғары және орта-кәсіптік білім алу үшін бөлінді;  
76 шәкіртақы ОҚО, Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицей оқушыларына бөлінді



1 білім гранты Ержан Тәтішев Қорының Түлектер клубы тағайындады



59 білімгер диплом алды



442 153 039,55 теңге Бағдарламаларға жұмсалды



15 білімгер шетел университеттерінде алмасу бағдарламалары бойынша оқыды



12 тренинг білімгерлерге Көшбасшылар Мектебі аясында өткізілді



15 кіші грант ҰЕҰ-ға бөлінді



309 еріктілік жоба іске асты



## Бакалавр дәрежесін алуға арналған білім гранттары бағдарламасы



Мектеп, колледж және балалар үйлері түлектеріне арналған бағдарлама – Қор бастамаларының ішіндегі ең ауқымды және ұзақ мерзімді бағдарламасы. Бағдарлама мақсаты – көзге көрінерлік көшбасшылық қабілеті бар, жаңа білімді меңгеруге ұмтылысы бар қаржы-экономикалық мамандығындағы ең үздік студенттерді анықтау және қолдау. Жыл сайын Қор осы бағдарлама аясында байқау өткізіп, КИМЭП Университеті, Алматы Менеджмент Университеті және Сүлейман Демирел атындағы Университетінде оқуға грант бөліп отыр. Біліктілігімен және алғырлығымен көзге түсіп, бойындағы бар қабілетін көрсете білген талапты жастар грант иегері атанады.

Сонымен қатар іріктеу барысында Қор әр үміткердің отбасы ішіндегі қатынастар, жаңа ортаға бейімділік, өзгенің қайғысына ортақтаса білу, қолаңсыз жағдайға төзімділік, өршіл жоспар құру қабілеті сияқты болашақта арқау болатын қасиеттерге біршама көңіл бөледі. Оқу барысында білімгер үздік болуы, белсенді еріктілер қатарында көрінуі және де Қордың өміріне ат салысуы шарт.

Биылғы жылы Қор Ақтөбе, Алматы, Астана, Кентау, Қостанай, Павлодар қалаларынан келген 7 жасқа есігін ашты, Алматы, Бішкек, Астана, Тараз қалаларының және Жамбыл облысындағы Төле би ауылының өркені, 5 білімгер оқуды табысты аяқтап, Қор түлектері қатарына енді.



4 түлек Түркия, Ұлыбритания және Ресейдегі халықаралық компанияларда жұмыс істейді



11 түлек Қазақстандағы халықаралық компаниялардың өкілеттіліктерінде жұмыс істейді



9 түлек қазақстандық компанияларда жұмыс істейді



3 түлек қазақстандық университеттерде магистр дәрежесіне ие болды



3 түлек Австрия, Италия, Венгрия университеттерінде магистр дәрежесін алды



2 түлек қазақстандық университеттерде магистратурада оқып жатыр



2 түлек жеке бизнес ашты





**Нұржан Күлшебаев, СДУ  
Қордың 2016 жылғы түлегі**

«Менің туған жерім – әйгілі Шу қаласы. Тоғзыншы сыныпты бітірген соң, Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономикалық колледжінде оқуға сәтім түсті. Колледждің соңғы курстарында өз келешегімді экономика саласымен байланыстырамыныма кәміл сендім. Сол кезден бастап осы салада терең білім алатындай оқу орнын іздей, таңдауым Сүлейман Демирел атындағы Университетке түсті. Біршама уақыттан соң осы университетте оқимын деушілерді қолдайтын қордың бар екенін бір досымнан естіген едім. Ержан Тәмішев сыңды біртұар тұлға жайында оқып білгенімде, оның өмірге деген көзқарасы, қойған мақсаты мен аңсаған арманы менікімен ұшмасатынын ұғындым.

Байқау үш кезеңнен құралған еді. Біріншісін мен оңайлықпен өттім – бар болғаны керекті құжаттарды тапсыру қажет болатын. Екінші кезеңде үміткерлер өздерінің мықты жақтарын көрсету үшін Қорға шақырылып, түрлі тесттер мен сайыстардан өтті.

Сол уақытта Қорға ең үздік жастар іріктелетінінде еш күмәнім қалмады. Бағым жанып, бұл сынақтан сәтті өте білдім! Алдыңғы бұйын білімгерлерімен танысқанымда, тағдырдың мені қандай ортаға жібергенін қанық түсіндім. Сүлейман Демирел атындағы Университетте өткізген үш жыл уақыт ішінде Ержан Тәмішев Қорының білімгері атану үлкен жауапкершілікпен сабақтас екенін сездім, өйткені ол оқуда да, түрлі экономикалық сайыстарда да, қоғамдық өмірде де, еріктілік жұмыстарында да ілгері қатарда болумен тепе-тең.

Осындай Қордың баршылығы еліміздің экономикасын нығайтып, бақытты қоғам құруға серпін болатын, көш басындағы ағаларымыздың салып кеткен жолын үзбей жалғастыра білетін жастарға, яғни біздерге үлкен міндет артып отыр. Бүгінде еліміздің ірі мұнай компаниясында жұмыс істеп отырып, мен алға қойған мақсаттарымды жүзеге асырып отырмын, тәжірибе жинақтап, кәсіби маман ретінде даму үстіндемін. Өмірімнің осы кескіні ел экономикасының түп-тамырын түсініп, басқа да ірі компаниялармен серіктестік құруға, қаржылық есептің егжей-тегжейін біліп, құнды тәжірибе алуға көмектеседі. Дамыған елдердің тарихын шолып қарасақ, шағын және орта бизнестің ел экономикасының дамуына зор ықпал ететінін көреміз. Менің бүгінгі күні алдыма қойып отырған мақсатым – жеке бір іс ашып, ешкімге тәуелді болмау, қайырымдылық жасап, дүниені шарлау. 23 жасыңда бүкіл жалаң алдыңда құшағын жайып тұрғандай, қолыңды созсаң, алақаныңа енетіндей елестейді. Бүгінде алдыңа қойған мақсатыңа күнделікті еңбегіңмен адымдап жету әр замандасымыңның қолында. Өзіме қамқор болып, жарқын болашағыма жоллама берген Қорыма шексіз алғысымды білдіргім келеді. Алдағы уақытта мен де іні-қарындастарыма қолымнан келгенше көмек көрсете аламын деп сенемін»



**Мұхтар Лекерев, АлмаУ  
Қордың 2016 жылғы түлегі**

«Біреулер менен осы Қор жайында қалай білгенімді сұраған кезде, мен әйгілі саясаткер Бенджамин Дизраэлидің: «Керекті нәрседен хабардар адам әлемді бағындырады» деген қанатты сөзімен жауап бергенді әдетке айналдырдым. Бәрі телефон шалысынан басталған еді. Жаздың тамаша бір күнінде үйдегі телефон шыр етті. Ол жағдайы төмен отбасыларына қолдау көрсетіп отырған «Детство без границ» Қоғамдық Бірлестігінің қызметкері еді. Балаларды тегін үйірмелеріне және басқа да жобаларына қатынасуда шақырған-тұғын. Тегін атаулыдан қорықсам да, мен ұйымның ашқарып отырған қызметімен танысып, іріктеуге келдім. Одан кейінгі уақытым жаңа

адамдармен танысумен, білім алып, тәжірибе жинаумен байланысты бірінен соң бірі тізбектелген оқиғалармен өте берді. Сөйтіп аянбай еткен еңбегіміздің жемісі жағдайы нашар балаларды оқытуға арналған модульдық бағдарламаға үйлесті. «ДбезГ» кеңсесінде өткен күздің бір күнінде ұйым басшысы Рена Курбановна менен: «Мұхтар, сен Ержан Тәтшішев Қорының байқауына қатысқың келеді ме?» - деп сұрады.

Сол сәттен бастап тағдыр зәңгелегі сенгісіз бір жылдамдықпен айнала бастады, ал мен болсам грантика жеткізетін биікке қалай көтерілетінімді ойымда шала бердім. Мемлекетіміздің индустриализацияландыру жоспарына сәйкес «техникалық» мамандықтардың әрқайсысына берілетін гранти саны 400 болса, «қаржы» саласына 50 гранти берілген еді. Осы сандар оқушылар мен ата-аналардың есінде берік орнаған еді. Ата-аналар балаларының қосымша дайындығына бір айда 15 мыңнан 100 мыңға дейінгі қаражатты жұмсап отырды. Өкінішке орай, менің қосымша сабаққа баруға қаржым болған жоқ, сондықтан өз бетімше дайындалдым. Сыныптасстарымның көбісі сияқты физика пәніне дайындық үстінде едім. Мемлекеттік грантидан басқа ешбір мүмкіндік жайында ой болған емес. Сондағы Аида деген сыныптасымның маған «білесің бе, мен сені зәулім зауыттың жанында мысқылдап күліп тұрған ғалым бейнесінде елестетемін» деген сөзі әлі есімде. Сол кезде біз оның қиялына күліп қоя бердік, бірақ сол болымсыз жағдайдан кейін мен өмірімдегі жолымды физикамен қалай байланыстыратыным жайында терең ойлана бастадым. Болашақ мамандығым, жалпы өмірдегі орным және осы салаға қосатын үлесім жайындағы сұрақтар мазалай берді. Сөйтіп мен бағымды ашуға қажетті гранти немесе жеңілдігі бар бағдарламаларды іздестіріп, жоспар құра бастадым.

Абай Құнанбаев атамыз «өмірлік жар мен кәсіп таңдағанда шатыспау керек» демекші, жобалаған «А» жоспарыма сәйкес болашақ кәсібіме қажетті біліммен сусындағатын жоғары оқу орнын таңдау қажет болды. Оқу жылының аяғына таман мен қаржы мамандығын таңдап, экономика, нарық және бизнестің сырларын ашқалы тұрған жағрафия пәніне дайындық үстінде едім. Елдің пікірлеріне және статистикаға жүзінген мені сол кездегі Халықаралық Менеджмент Академиясының нағыз тапқырлықтың белгісі сыңды ұлу іспеттес логотипі арбай берді. Осылайша таңдауым Қордың ұсынған оқу орындарының ішіндегі жаныма ыстық көрінген Алматы Менеджмент Университетіне түсті. Бірақ мен қосымша жолдар ойластыруды жөн көрдім, өйткені Қордың грантиына оннан артық үміткер өтпейтіні мені қатты мазалады, ал менің таңдаған пәнім бойынша тегін білім алу мүмкіндігі – жоқтың қасы. «В» жоспары – ЖОО-ның грантиын ұту немесе жеңілдік алу. «С» жоспарында басқа қорлардың («Бота» Қоры, Тұңғыш Президенті Қоры, т.б.), компаниялардың (Шеврон, Самсунг, т.б.), шәкіртақы бағдарламаларының (Ш. Есеновтің «Тайбұрыл» Қоры, Жакия Сәрсенованың Қоры, Ұлтимық банк, т.б.) және ұйымдардың тізімі дайын тұрды. «D» жоспары – шетелдік университеттен орын табу. Үйдегі Pentium 2 процессорымен жұмыс істейтін ескі компьютерімде салмағы бар-жоғы жүзге жуық килобайттан тұратын Қордың хатты жүктелгенше қобалжығаным, грантика ие болғанымды хабарлайтын жолды оқығанша шығамым таусылғаны есімде. Арада көп уақыт өтті. Сол кезде қуанышым қойныма сыймай, бөлмеде айқайлап секіргенімде, үйдегілер жер сілкініп жатыр деп ойлайты. Мен осы грантиы немерелеріме айтуға тұрарлық өмірімдегі үлкен жетістіктерімнің бірі деп санаймын. Бұл – студенттік өмірімнің Қормен бірге өткерген қызықты тармағы. Қор грантиының мемлекеттік я басқа грантидан басты ерекшелігі – мұнда келген адам үлкен бір отбасының бөлімсі болып кетеді. Қор бойымдағы көшбасшылық қабілетімді аша түсіп, ілгері қарай дамуға себепкер болды. Бүгінде осы өткелден өтіп, саналы өмір есігін ашқалы отырмын. Мен – жас кәсіпкермін, қазіргі уақытта «Royal Skills» мектебін ашып, «HasLey school» атты ағылшын тілі мектебінің ортақ құрылмайшысымын. Кішкентай қадам жасай отырып, әр адам өз өмірін, ал кейін бүкіл әлемді де өзгере алады деген сенімдемін»






**Жанна Жұмағұлова, КИМЭП  
Қордың 2016 жылғы түлегі**

«Менің ең басты мақсатым еліміздің ең үздік оқу орны, КИМЭП Университетінде білім алу еді, сол мүмкіндікті қолыма ұстатқан Ержан Тәтішев Қорына алғыс айтамын. Бойымдағы бар қасиеттеріммен және қабілетіммен, Қордың арқасында алған біліміммен қаруланған мен жұмысқа орналасудан қиналған жоқпын. Студент болып жүрген кезде құрбыларымыздан ілгері қарай ұмтылысымызбен, шыңдалуға даярлығымызбен ерекшеленетінбіз. Біздің білімгерлер халықаралық байқауларда көзге түсіп, отандық және шетелдік фирмаларда тәжірибе жинайтын, ал оқуды бітірген соң, жақсы жұмыс орындарынан кенде болған емес. Мысалы, өз басым 3-курс оқып жүрген кезімде «The Coca-Cola» компаниясында мамандығым бойынша ақылы тәжірибеден өттім. Бір жыл уақыт жұмыс істеп, тәжірибе жинаған соң, жаңа белестерді бағындыру мақсатымен Астана қаласына бет алдым.

Қазіргі уақытта "Астана Конвеншн Бюро" ЖШС-нде Маркетинг және Коммерциализациялау бөлімінде менеджер болып жұмыс істеп отырмын. Бұл компания Қазақстан туризмін дамытуға зор үлес қосып, астанамызды Орта Азия аумағындағы туризм өлкесі ретінде паш ететін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін ұйымдастырып отыр. Мен үшін бұл жұмыс орны – үлкен тәжірибе көзі. Көрме жұмысы біткен соң, мен уақытша Нидерландыға кетпек ойым бар. Бір кезде Қорымыздың Құрылтайшысы, Еркін Нұрелдайымұлының үнемі даму үстінде болу үшін әр уақытта білімді шыңдап, жаңа нәрсеге талпыну, жаңа белестерге ұмтылу қажет екенін айтқаны есімде. Сол сөздермен шабыттанған мен магистр дәрежесін дизайн мектебінде аламын деп шештім»



**Анастасия Пирогова, АлмаУ  
Қордың 2016 жылғы түлегі**

«Өміріңді түбегейлі өзгертіп, бақытты болашаққа жолдама беретін сәттер болады екен. Сондай сәттердің бірі мен үшін Ержан Тәтішев Қорының маған АлмаУ-да оқуға берген гранты еді. Мен Бішкек қаласында медицина және әскер қызметкерінің жанұясында өстім. Ата-анам ажырасқан соң, бауырым екеуіміз анамның қолында қалдық. Анама екі баланы қатар көтеру қиынға соққаны рас. Бізді аса көп еркелете алмаса да, анам өз-өзіңе сенімді болуға үйретіп, білімге деген құштарлықты сіңдірді. Дүниедегі небір нәрсеге ұмтылып, еңбек етсең, дегеніңе жетесің деп сендірді. Мектепті бітірген шағымда аңсаған арманым – әлеуметтік бағыттағы дүкен ашуға қажетті экономикалық білім алу, және сол білім көзі болатын университетке түсуді мақсат еттім. Отбасымның ақылы оқуға түсіретіндей жағдайы жоқ екенін білген едім. Алайда тағдырдың тосынсыялары мен ғажаптарына сеніп, «Іздеген жетер мұратқа» ұранымен шабыттанған мен білім алуға мүмкіндік іздестіруді қоймадым.

Осылайша бір күні Ержан Тәтішев Қорының сайтына назарым түсті. Қордың қызметі мен оның жүзеге асырып отырған бағдарламасы жайында ақпаратты ақтарып, «осы Қорға қосылғандар қандай бақытты десеңші» деген оймен бағымды сынауға бел бұдым. 2012 жылдың көктемінде іріктеудің 1-кезеңінен өткенім жайлы хабар келгенде,




таң қалып едім. Шілде айында өткен бизнес-ойынға қатысқан кезде ғана бұның бәрі өңім екеніне сене бастадым. 2-іріктеу кезеңін өткен уақытта қандай сезімде болғаным әлі есімде. Біріншіден бұл менің басқа елге алғашқы сапарым еді. Екіншіден мен мектепте үздік оқып, БҰТ-де 125 ұпай алған мықты балалардың ортасына түстім. Сол кездегі толқынысым есімнен кетпес. Менің мақсатым өз қабілетімді көрсетіп, Байқау комиссиясының көзіне түсу еді.

Біраз уақыт өте маған Қазақстанның үздік бизнес-университеттерінің біріне грант алғанымды хабарлады. Осы жаңалықпы анама жеткізгенімде, ол көзіне жас алып, маған деген мақтанышы көкірегіне ұялады. Сол мезетте менің алдымда өмірімді түбегейлі өзгертетін керемет жол күтіп тұрғанын сезіндім.

Қордың білімгерлері қатарына қосылған кезде, белелгі, дарынды және ақылды адамдармен үлкен кемеге мінгендей боласыз, сол кемеге кіріс билет – олардың сізге артықан сенімі. Ержан Тәмішев Қоры экономика саласында кәсіпқой мамандарды ғана оқытып отырған жоқ, еріктілікті насихаттап, мейірімділік пен ізгілікті тәрбиелейді. Оқу кезінде мен үшін маңызды мәселенің бірі – Іріктеу комиссиясының маған артықан сенімін ақтау және осы грантқа лайық екенімді дәлелдеу еді. Білім қорына сусындай есейдім, дербес өмірге дағдыланып, Алматыға үйрендім. Мен – Алмау-дың 2016 жылғы түлегімін. Қазіргі уақытта «Mandarino» сыйлықтар дүкендерінің желісіне басшымын. Түрлі салада жұмыс істеп жүрген қызықты адамдармен достастым. Осының бәріне Ержан Тәмішев Қорының 2012 қолыма грант қылып

ұстатқан өмірге сәтті жолдамасы себеп. Алматыда болашақ жарымды кездестірдім. Менің Ержан Тәмішев Қорына деген алғысым отбасыма деген ризалығымдай шексіз. Мен отбасымның мақтанышы және Қордың үлгі тұтар түлегі болғым келеді»




## Мүгедектігі бар жастардың орта-кәсіптік білім алуға арналған білім гранттары бағдарламасы

Мүгедектігі бар жастардың арнайы орта білім алуға арналған білім гранттары бағдарламасының мақсаты – белсенді өмірлік ұстанымы бар, кедергілерді еңсеруге талпынып, мамандыққа ие болуға және алған білімі мен дағдыларын келешекте қызметінде пайдалануға ұмтылатын мүгедектегі бар жастарды анықтау және қолдау.

Аталмыш бағдарламаның арқасында 38 адам колледждерде өздері таңдаған кәсібі бойынша білім алуға мүмкіндік алды, оның ішіндегі 26-сы оқуды бітірді. Биыл 3 білімгер №2 Алматы педагогикалық колледжін, Алматы қаласының лингвистикалық колледжін және Көкшетау қаласындағы «Көкше» Академиясына қарасты колледжін бітіріп, арнайы орта білім жайында диплом алды. Қор бағдарлама байқауына қатысқан жастардың мамандық таңдау мәселесіне көп көңіл бөле қарайды. Өйткені мұндағы басты мақсат білім беріп қою ғана емес, еңбек етуіне шектеу болатын ерекшеліктерін ескере отырып, таңдаған кәсібін табыс көзіне айналдыру. Тірек-қозғалысы және есту қабілеті шектеулі адамдардың үйден отырып жұмыс істеуге мүмкіндік беретін компьютерлік технологияларымен сабақтас мамандықтарына деген сұранысы басым екені сөзсіз. Көп жағдайда мүмкіндігі шектеулі жандардың қабілеті ашылмай қалып отырады. Мамандық таңдау мәселесінде отбасы мен мектептің ықпалы ерекше, қоршаған орта осындай жастардың еңбегі қандай салада қажет екенін анықтауға жәрдемдесуі керек.

### Еңбек нарығындағы сұраныс



- Қызметі мамандығына сай
- Басқа салада жұмыс істейді
- Жұмысқа орналасқан жоқ
- Басқасы




Гулмайра Бекболатқызы  
№2 Алматы пед.колледжі  
Қордың 2016 жылғы түлегі

«10-сыныпта оқып жүрген кезімде менің екі ойым болды: бірі – колледжге түсу, ал екіншісі – 12 жылдық мектепті бітіріп, жоғары оқу орнында білім алу еді. Екі ойлы боп жүрген кезімде, біздің мектепке Ержан Тәтешев Қорының жақсы бағдарламасымен гранттар бөлінеді деген хабар келді. Мен үшін бұл үлкен мүмкіндік болды. Мен де бағымды сынап, құжаттар жинастыра бастадым. Әрине, қиыншылықтар мен кедергілер болды, сонда да мен үмітімді үзбей, ақырында өз дегеніме жеттім. Маған грантты жеңіп, тегін оқуға мүмкіндігімнің бар екенін хабарлағанда, өз-өзіме сенбедім... Көзді ашып-жұмғанша, колледжді де бітіргім. Қазіргі кезде «IQKz» жеке бала-бақшасында жұмыс істеп жүрмін. Болашақта жоғарғы оқу орнына түсіп, білімімді шыңдай түсуге асықпын»

Қордың басқа бағдарламалары секілді осы Бағдарлама аясында тағайындалатын гранттар жыл сайын байқау негізінде беріледі. Өзінің қай салада кәсіпқой маман болатынын айқын түсінетін, жаңа білім алуға ұмтылысы бар, өмірлік тосқауылдарға дес бермейтін рухы жоғары жастар грант иегері атанады. Биылғы жылы Алматы қаласындағы Сөйлеу қабілеті өте нашар балаларға арналған №9 арнайы мектеп-интернатының екі түлегі Алматы технологиялық университетінің Технология-экономикалық колледжінде және Профессор Рузиддинов атындағы стоматологиялық колледжінде оқуларын бастады.

Отбасы мүшелерінің қолдауы жастарға үлкен серпіліс алады, соның бір куәсі 2016 жылы Бағдарлама білімгерлері қатарына қосылған Терехова Мария болып отыр. Маша тіс дәрігері мамандығын таңдады, осы мамандықтың оған іс жүзінде жағар-жақпасын танып білу үшін ата-анасы оны стоматологиялық клиникаға апарып, таңдаған кәсібінің егжей-тегжейімен танысуға мүмкіндік берді.

### Біліктілікті жақсарту



- Оқуын жалғастырды
- Басқа мамандықты игерді
- Басқасы



Антонина Суворкина  
«Көкше» Академиясының  
колледжі, Көкшетау қ.  
Қордың 2016 жылғы түлегі

«Мен Ақмола облысында, астанамызмен көршеліс орналасқан Атбасар аиты кішігірім қалада тұрамын. Мен үшін бұл жер – туған өлке. Біздің қаламыз қалыпты өмір сүруге. Осындай жай ғана өмір қарқынына мен сияқты адам елқатарлы ілесуі үшін не істеу қажет? Менің туа біткен көз сырқатым мүмкіндігімді шектеп отыр.

Тағдыр түрлі ғажаптарды алдыңа әкелегі! Керекті кәсіп иесі болуға көмектескен Ержан Тәтшішев Қорымен таныстығымды сипаттасам, дәл осылай айтар едім. Біздің қаламызда мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетіп отырған «Адал Жүрек» Қоры іріктемуге қатынасуды ұсынған еді. 2013 жылы Қордың іріктеуінен өтіп, колледжде оқуға мүмкіндік алдым. Қалауым педагогика саласына түсті, Көкшетаудағы көпсалалы колледждегі тәмамдадым. Бар ынталымды сала оқыдым, ал қызыл диплом алғанымда, үй ішім қуанғанын айтып жеткізу қиын болар. Дипломымды Әкімшіліктің білім бөліміне апарып,

жұмыс орнын қобалжи күттім. Біраз уақыт өткен соң маған №4 мектебінде әлеуметтік тәлімгер жұмысын ұсынды. Қазіргі кезде мен өте жауапты орында істеп жүрмін, сондықтан да мен өзіме жүктелген істі ииынақты орындауға тырысамын.

Ендігі өмірім мүлде басқаша өтуде. Мектептегі күнделікті істің өзі қуаныш әкеліп отырады. Дәл қазір мен арманның орындалатынына кез-келген адамды сендіре аламын, тек жүрегіңдегі үміт оты жанса болғаны. Тағдыр еңбек етіп, талпынғанға берерін уақыты келген кезде қолына тапсырады. Мыңдаған қазақстандықтардың ішінен мені таңдап, білім алуға мүмкіндік бергені және қолдау көрсеткені үшін Ержан Тәтшішев Қорына алғысымды айтамын. Ешбір шектеулерге қарамаспан, жастар белсенді өмірге аит салысса екен деп тілеймін. Түнерген бұл ит арасынан шыққан күн нұры бәріне бірдей жылу береді!»


## Еріктілік шаралар

**Волонтерлік** (лат.voluntarius— ерікті) — бұл өзара көмек пен дербес көмектің дәстүрлі түрлерін, барша жұртшылықтың игілігі үшін ақшалай сыйақыны есептеусіз, ерікті жүзеге асырылатын қызметтерді ресми көрсету және азаматтық қатысудың басқа да түрлерін қоса алғандағы кең ауқымды қызмет.

Волонтерлік – бұл басқалардың игілігі үшін төленбейтін саналы, ерікті қызмет. Басқалардың игілігі үшін саналы да риясыз еңбек еткен кез келген адам волонтер болып аталады.

Волонтерлік еңбекақыны көздемейді, бірақ көптеген артықшылықтар береді: адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, тәжірибе мен жаңа машықтарға үйренуіне, өзін қызметтің түрлі салаларында байқап көру мүмкіндігін береді. (Дереккөзі <https://egov.kz/cms/kk/articles/child/2Fbecomevolunteerinastana30>)

Жыл сайын Қор «Барлық істе озат бол!» деген ұранды алға ұстап, болашаққа бағдар бере алатын көш басын ұстап отырған белсенді жастарды сынап, өз бағдарламаларына қосып отыр. Олар осы қабілеттердің барлығын оқу барысында да, еріктілік жұмыстарын атқару кезінде де аша түседі. Білімгерлер өмірдің келеңсіз жағдайына душар болған адамдарға қол ұшын бере отырып, олардың өмірлерін жақсартуға үлес қосады. Қайырымдылық жасай отырып, олар елді ұйымдастыруды, қиын аудиторияны бағындыруды, дау-жанжалды шешуді және қолда бар мүмкіндікті пайдалануды үйренеді.





24 жоба жүзеге асырылды



304 ерікті ат салысты



4 296 адамға көмек көрсетілді



946 799 теңге жиналды

Қор өз жұмысында ұстанатын қағидалардың бірі – адамдардың зияткерлік қабілетін дамыту, яғни қамқорлығындағы адамдардың жан-жақты дамуына күш жұмсау. Бұның түпкі мақсаты – өзіне және қоғамға жауапкершілікпен қарайтын, шешім қабылдай білетін және елімізді бәсекелесуге қабілетті елдер қатарына қосатын өршіл жастарды тәрбиелеу. Іске асырылған әрбір жоба адамдардың өмірде тап болатын қиындықтарына куә болып, елмен жұмыс істеуге, берілген жұмысты жауапкершілікпен орындап, қиын жағдайдан шығаратын жол іздеуге үйретеді. Осы игі істердің барлығы жастарды сол адамдардың тағдырына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Университеттерде оқып жүрген гранталушылар бір оқу жылының ішінде еріктілік жұмыстарына кем дегенде 192 сағат уақыттарын жұмсайды. 2016 жылы іске асқан бастамалар адамдардың біліктілігін арттыруға, ауыр дертке шалдыққандарды емдеуге, мәдени және рухани бағыттағы істерге, салауатты өмір салтын насихаттауға, ақпараттық және гуманитарлық қолдау көрсетуге бағытталған. Қор білімгерлері тәлім алып отырған жоғары оқу орындарына қарасты еріктілік клубтары мен қоғамдық ұйымдар жобаларына ат салысуда. Олардың басым бөлігі жүйелі және бір айдан жарты жылға дейінгі ұзақ мерзімді жобалар. Ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар, мүмкіндігі шектеулі адамдар, ардагерлер үйінде тұрып жатқан қариялар мен жалғыз басты қарттар, жағдайы төмен отбасылары және толық емес жанұяларға қаржылық және гуманитарлық көмек көрсетілді. Еріктілік жобаларының арқасында олардың ой-өрісін дамытуға, мәдени деңгейін көтеріп, рухани азық алуға мүмкіндік туды.



5.01.2016 — Шымкент қ. №5 қалалық емхананың мүмкіндігі шектеулі 6 пациентін қолдау  
Ұйымдастырушы және ерікті - Кебекбаев Алзайыр



14.02.2016 – Жағдайы нашар ардагерлерді қолдау  
Ұйымдастырушы – «ДОС» Қайырымдылық клубы,  
Алмау  
Ерікті: Мағзимова Аружан




13-26.02.16 – Қаскелең қ. интернатында тұратын 30 баланың ой-өрісін дамытуға бағытталған дәрістер  
Ұйымдастырушы – «Шапағат» Қайырымдылық клубы, СДУ  
Ерікті: Қалибеков Дархан





02.03.2016 – Балалар үйлерінде тұратын балаларға арналған Алматы қ.-ның 1000-жылдығына бағышталған «Поэзия кеші» Ұйымдастырушы – «Аманат» Студенттер ұйымы, КИМЭП Университеті  
Ерікті: Сапабеков Әмірхан



20-27.06; 06.07.2016 – Алматы қ.Бағанашыл №1 балалар үйінің «Ручей» және «Край» топтарындағы 3-7-сыныптың 40 оқушысына өткізілген математика пәнінен репетиторлық сабақ  
Ерікті: Байгутанова Айдана



01.03-01.06.2016 – Алматы қ. 13-17 жас аралығындағы 3 000 оқушыға арнап өткізілген көшбасшылық қабілетті дамыту тақырыбындағы мастер-класс Ұйымдастырушы – «Новое Поколение», Әл Фараби атындағы ҚазҰУ  
Ерікті: Мұсатаев Нұрлыбек



12.09.2016 – 5-13 жас аралығындағы 200 бала үшін өткізілген шахмат бойынша мастер-класс, МЕГА парк Ұйымдастырушы – «Royal skills» логика, сараптау және жоспарлау мектебі  
Еріктілер: Ахметжанов Абзал, Есетова Камила, Қараева Айсұлу, Тұяқ Мадина

Білімгерлер буынының арасындағы ара-байланыс 2015 жылы Қор түлектерінің өз білім грантын тағайындаған сәтінен бастап нығайа түсті. Бүгінде ағымдағы білімгерлер бизнес жолына түскен жас кәсіпкер әрі Қордың 2016 жылғы түлегі, Лекеров Мұхтардың жобасына қолдау көрсетіп жүр. Зияткерлікті дамытуға немқұрайлы қарамайтын Мұхтар ең интеллектуалды спорт түрі, шахмат ойынын насихаттайтын «Royal Skills» атты логика, сараптау және жоспарлау мектебін ашты.





27.09.2016 – Жұмыс істеуге қабілеті бар мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамту жобасы  
Ұйымдастырушы – Enactus АлмаУ  
Еріктілер: Ахметжанов Абзал, Қараева Айсұлу



16.10.16 – Алматы қ. «Жанұя» балалар үйінде тұратын 30 бала үшін өткізілген ой-өрісті дамытуға арналған дәріс пен ойындар  
Ұйымдастырушы – Mercy Department, СДК  
Ерікті: Тохтахметова Мадина



04.11.16 – Балалар үйлерінде тұратын балаларға киім-кешек жинау мақсатында өткізілген кино кеші  
7-18 жас аралығындағы 20 балаға киім жинастырылды  
Ұйымдастырушы – "DOS" Қайырымдылық клубы, АлмаУ  
Еріктілер: Әміртай Дария, Ахметжанов Абзал, Қараева Айсұлу



25.11.2016 – Балалар үйлерін қолдау мақсатында өткізілген қайырымдылық жәрмеңкесі  
Ұйымдастырушы – Mercy Department, СДК  
Жиналған қаражат мөлшері – 60 000 теңге  
Еріктілер: Әміртай Дария, Тохтахметова Мадина



09.11.16 – Жағдайы төмен отбасыларын қолдау мақсатында өткізілген «Ярмарка добра» қайырымдылық жәрмеңкесі  
Ұйымдастырушы – «Vision Club» Қайырымдылық клубы, СДУ  
Еріктілер: Еникеева Айсұлу, Оңласын Диана





19.11.16 – 120 мүмкіндігі шектеулі, балалар үйінде және интернатта тұратын балаларды және Ана үйінде тұратын жас аналарды қолдау мақсатында өткізілген ашық микрофонмен өткен қайырымдылық концерті  
 Ұйымдастырушы – “ДОС” қайырымдылық клубы, АлмаУ  
 Еріктілер: Ахметжанов Абзал, Қараева Айсұлу



21-22.12.16 – балалар үйлерінде тұратын 2-12 жас аралығындағы балаларға арналған Жаңажылдық шырша Ұйымдастырушы – “ДОС” қайырымдылық клубы, АлмаУ  
 Еріктілер: Әміртай Дария, Ахметжанов Абзал

### Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейді қолдау

2007 жылы Қор өзінің қай бағытта бетбұрыс жасау керек екендігін түсінген уақытта Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішевтің табысты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен алтын бесік – Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласындағы Ю.А. Гагарина атындағы №16 мектеп-лицейге қолдау көрсету жөнінде шешім ұйғарылды. Қордың қолдауымен мектептің ішіне күрделі жөндеу жасалды, компьютерлік және лингафондық кабинетке қажетті жабдықтар орнатылды. Мектеп қабырғасында ашылған мұражайда Ержан Тәтішевтің мектеп табалдырығынан бастап есейген шағына дейінгі материалдар сақталған. Мектеп еңбекқорлық, кәсіпқойлықтың, игілік пен нағыз адами қасиеттердің үлгісі болған оқушысының рухын қастерлеп, игі істерін есте сақтауда.



Қор мұражайдың жұмысына қолдау жасап отыр, жыл сайын мектеп Ержан Тәтішевтің туылған күніне бағышталған қала мектептері арасында әскери-спорттық спартакиада, волейбол мен спорттық атыстан жарыс; оқушылар, ата-аналар және ұстаздар топтарының арасында интеллектуалды сайыстар, бастауыш сыныптарының арасында түрлі шығармашылық байқаулар мен концерттік бағдарлама сияқты шараларды өткізіп отырады.





Арнайы шәкірақы бағдарламасы – Қордың аталмыш мектепке қолдау жасаудың тағы бір жолы. Жыл сайын осы бағдарлама аясында мектептің ең белсенді оқушыларына Ержан Тәтішев атындағы шәкіртақылар тағайындалады. 8, 9, 10, 11-сынып оқушылары байқауға шақырылады, үміткерлердің ішінен оқу үлгерімі жоғары, метептің қоғамдық жұмысына ат салысатын, спортта жетістігі бар креативті және белсенді жастар сұрыпталыады. 2014 жылдан бастап Бағдарлама білімгерлері оқу жылы ішінде өз сыныптарының, мектептің және қаланың жағдайын жақсартуға бағытталған жобаларды іске асыруда: жоба бойынша жоспар құрып, қол жеткізген нәтижелерді қадағалауды үйреніп келеді.

### 2015 жыл білімгерлерінің жобалары



4 жоба іске асырылды; 4 ерікті жобаларға ат салысты



19 адам тікелей көмек алды



Ағылшын тілінен 40 дәріс өтті; «Handymen» клубының 10 мүшесі өз машықтарын жақсартты



Инклюзивті сыныптың 4 оқушысына арналған 100 жеке дәріс өткізілді



3-инклюзивті сыныптың 1 оқушысы жалпы білім беру мектебіне көшірілді



2 шахмат турнирі ұйымдастырылды



«Большая перемена» атты мектеп газетінің 5 саны шықты



8-11-сынып оқушыларының ағылшын тілін меңгеруге қолдау мақсатындағы «Хэндимэн» жобасы  
Жоба авторы – Алмаз Садықов, 11 А-сыныбы



Шахмат турнирі, «Шахмат клубы» жобасы  
Жоба автор – Мамаков Шахрух, 9 А-сыныбы



3-инклюзивті сыныбына өткізген дәріс  
Жоба авторы – Герлах Валерия, 8 А-сыныбы





## Ағымдағы жобалар

2016 жылғы байқаудың нәтижесі бойынша 8 оқушы Бағдарлама жеңімпазы атанды. Гагариншілердің барлық бастамалары мектеп қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Сынға түскен жобаларды сараптай келе, оқушылардың туған мектептеріндегі жағдайды жақсартқылары келетіні, мектеп тазалығы, білім деңгейі мен тәртіп мәселелері мазалайтыны анық.



Сынған мектеп жиһазын жөндеу жұмыстары  
Жоба авторы – Цой Дмитрий, 11 А-сыныбы



Инклюзивті сыныптың 10 оқушысына арналған дамыту дәрісі  
Жоба авторы – Курносикова Мария, 10 А-сыныбы



Мектеп дәлізінде тұратын ескі-құсқыдан жасалған пуфиктер  
Жоба авторы – Юлдашева Розанна, 8 А-сыныбы



50 адам тікелей көмек алды



24 ерікті жобаларды іске асыруға қатынасып отыр



Белсенді оқуға арналған 15; JIPTO әдістемесі бойынша 5 дәріс өтті



10 инклюзивті сынып оқушысы елмен еркін араласа бастады



Мектептің 7 сыныбындағы парталар жөнделді



Мектеп дәлізінде тұратын 2 пуфик жасалды



Мектептің 2-қабатында қоқысқа арналған 2 шелек қойылды және сатиралық суреттер ілінді



Мектеп алдына қоқыс шелектерін орнату үшін жергілікті кәсіпкердің демеушілігі жайында келісім ұйғарылды



Мектеп дәлізінде тұратын бөлме гүлдеріне арналған 2 тіреуіш қойылды



7 В-сыныбының 25 оқушысына арналған белсенді оқу бойынша өткізілген дәріс  
Жоба авторы – Азбаева Диляфруз, 9 А-сыныбы



10 А-сыныбының 15 оқушысына JIPTO әдістемесі бойынша өткізілген логиканы дамыту дәрісі  
Жоба авторы – Закирова Феруза, 10 А-сыныбы



Мектеп дәлізінде тұратын ескі жиһаздан жасалған бөлме гүлдеріне арналған тіреуіштер  
Жоба авторы – Пилипенко Дмитрий, 11 А-сыныбы



## Мақтау бұрышы

Өткен жылы Қордың үш білімгері тұрғылықты жерін ауыстырып, жаңа білім алуға, ел көріп, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алды. Әр білімгер өзі таңдаған бағдарлама бойынша саяхат жасады, сондықтан олардың әрқайсысы сапардан әр түрлі әсермен қайтты. Олардың үйреншікті ортадан тыс шығып, өмірге деген көзқарастарын түбегейлі өзгерткендері анық.



Қордың 2015 жылғы білімгері әрі Алматы Менеджмент Университетінің студенті, Мағзомова Аружан аталмыш университеттегі студенттердің алмасу бағдарламасына қатынасып, күзгі семестрді күншығыс елі Жапонияның Нагоя қаласында өткізді. Аружанның айтуынша Жапонияда бірінші кезекте таң қалдырарлық жәйт – алдыңғы қатарлы дамыған технологиялар мен табиғатқа деген сүйіспеншіліктің үйлесімділігі. Табиғатты аялау сезімі жапондықтардың рухани құндылықтарының ажырамас бөлігі, сондықтан бұл елде қайта өңдеу үйреншікті әрі қатаң қадағаланатын іс. Жапондықтар – өте қонақжай және жайдары жандар: жапон тілінен хабарсыз адамға көмек көрсетуге асық. Аружан білім сапасына және студенттерге қойылатын талаптың қаншалықты жоғары екеніне таң қалды, ал Университеттің техникалық жабдықтауы үлкен әсер қалдырды. Аружан жаңа білім мен тәжірибе жинақтай отырып, көптеген елдер өкілдерімен дос болды.



2013 жылғы байқаудың жеңімпазы және Алматы Менеджмент Университетінің студенті, Мұсатаев Нұрлыбек Kusto Management Group-тың байқауына ат салысып, екі айлық тағылымдамадан өтті. Қызылорда облысының даласында өткізген екі ай уақыт ішінде Нұрлыбек қара жұмыскерден бастап, кеңсе қызметкеріне дейінгі жолды өтті десе де болады. Шаңқиған ыстық күнде қара жұмысқа салыну үлкен сынақ болды. Не болса да, Нұрлыбек жұмыстан қашқан жоқ – қарапайым жұмысшылардың күнделікті өміріне араласып, олардың тұрмысы жайлы көп білді. Сыртта көргенінің бәрі қаржылық есеп-қисап жасаған кезде пайдасын тигізді. Нұрлыбек бұл сапарға ең керемет тәжірибе деп баға берді.




2016 жылдың жазғы айларын Сапабеков Әмірхан «Work&Travel» бағдарламасының арқасында АҚШ-тың ең кішкентай штаты, Род-Айлендте өткізді. Амирхан MacDonalds мейрамханасында, супермаркеттің «La Carte» дайын тағам бөлімінде және қалпына келтіру мен бау-бақша дизайнымен айналысатын фирмада жұмыс істеді. Күнбе-күн 15 сағат бойы жалықтыратын іспен айналысу оңайға түспесе де, бұл сапар Амирхан үшін құнды тәжірибе болды. Ол Ресей, Сербия, Өзбекстан, Хорватия, Румыния және АҚШ елдерінің өкілдерімен достасып, белгісіз жаңа әлем есігін ашқандай болды. Осы сапардан соң Әмірхан еңбек еткен әр адам «американдық арманын» әлемнің қай шетінде жүрсе де, іске асыра алатынына сенімді.




## Қаржылық есеп

### 2016 жылғы бюджет құрылымы



### 2016 жылғы профильді іс-әрекеттің құрылымы



## Мекен-жайымыз

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы, 050026

Байзақов көшесі, 125, 508-кеңсе

Телефон: +7 (727) 331 13 14

Ұялы телефон: +7 777 170 11 04

E-Mail: [foundation@tatishevfoundation.kz](mailto:foundation@tatishevfoundation.kz)

[www.tatishevfoundation.kz](http://www.tatishevfoundation.kz)